



Қарабалық ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Қарабалық аудандық орталықтандырылған кітапхана жүйесі» ММ

«Біздің ата- бабаларымыздың тілі умыт қалмауы тиіс»



Қарабалық 2017

«Біздің ата- бабаларымыздың тілі ұмыт қалмауы тиіс»

Вед: 1 Туған тілім-бабам тілі-өз тілім,
Туған тілім-анам тілі-өз тілім.
Туған тілім-далам тілі-өз тілім,
Туған тілім-адам тілі-өз тілім.
Туған тілде сыры терең жаным бар,
Туған тілде әнім менен сәнім бар.
Туған тілім тіл болудан калса егер
Жүрегімді суырып-ақ алыңдар.
Сүйемін туган тілді - анам тілін,
Бесікте жатқанымда-ақ берген білім.
Шыр етіп жерге түскен минутымнан
Құлағыма сіңірген таныс үнім.
Ең бірінші сол тілмен сыртқа шықты,
Сүйгенім, сүйсінгенім, жек көргенім.

Вед 2: Келе жатқан Қазақстан Республикасының Тілдер күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз! Елбасы Н.Назарбаевтың «Қазақстан- 2050» стратегиясында: «Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында: «Енді ешкім өзгерте алмайтын бір ақиқат бар! Ана тіліміз Мәңгілік елімізбен бірге Мәңгілік тіл болды. Бұл мәселені даудың тақырыбы емес, ұлттың ұйытқысы ете білгеніміз жөн. Біздің тіліміз мемлекеттің барлық жүйесінде қолданылуы үшін біз өзімізді өзіміз қамшылауымыз керек және осыған өзіміз атсалысуымыз қажет» деген жолдауындағы сөздерін барша қазақстандық құптайды.

Вед 1: 22 қыркүйек күні елімізде тілдер мерекесі аталып өтеді. 1998 жылы 20 қаңтарда елбасымыз Н. А. Назарбаев Республика халықтарының ұлттық байлығы - Тілді қорғау мақсатымен 22 қыркүйекті «Қазақстан халықтарының тілдері күні» деп жариялаған еді.

Вед 2: Қазақстан еліміздің патриоттары болып, қазақ тілін, ана тілін сүйгендіктен, біз осындай мерейлі күнінде, қазақ мектебіне келіп, оқырмандар сайысын өткізуді жөн көрдік.

Вед 1: Оқырмандар сайысының тақырыбы « Біздің ата- бабаларымыздың тілі ұмыт қалмауы тиіс»

Бүгін біз бұл байқауды ана тілімізге арнаймыз.

Бүгінде байқауға қатысқандар өз ана тілдері туралы өлеңдер оқитын болады.

Вед:2 Ей, өлең, қайтсем саған жан бітірем,

Жансыз өлең жанымды алды кілең.

Бір ойым жүрегімде қаза болып,

Бір ойым көмейімді қалды тіреп,

Ей, өлең, қайтсем саған жан бітірем!

Вед 1:

Олай болса, сайыстың аты сайыс демекші, өлеңдерді мәнерлеп оқитын оқушыларға әділ бағасын беретін қазылар алқасымен таныстырайық.

Вед 2:

Бүгін біздің қазылар алқасы дипломдармен марапатталатын үздік оқырмандарды таңдайды

Вед 1:

Қымбат маған ана тілім, бал тілім,
Қымбат маған дана тілім, ар тілім.
Ақ сүтімен бірге сіңген бойыма,
Ана тілім - ардақ тұтар алтыным
Ана тілін жырлап өткен талайлар,
Жырлап өткен Ыбырай мен Абайлар

Вед 2:

Кімде-кім қазіргі уақытта ана тілін, өзіннің әдебиетін сыйламаса, бағаламаса, оны сауатты, мәдениетті адам деп санауға болмайды», - деген М.Әуезов.
-Ал енді сынып оқушылары өз өнерлерін ортаға салып, көрермендердің ыстық ықыласына бөленеді деп ойлаймыз.

Вед 1:

Бүгінгі жарысымыздың қатысушылары Арғынбай Айша(2), Битенова Саяжан(3), Хусаинов Мақжан(3), Жолдыбек Карина(5), Агдавлетова Дариға(6), Бахитжанова Томирис (6), Махина Дильназ(6), Ахметова Аружан(8),Султан-ғалиев Әділет(9), Шандаулетова Жанар(9), Нурмакина Калима(10), Ержанова Гүлдана(11). Біздің қатысушыларға шапалақтаумен қолдау көрсетеміз.

Вед:2

Сайысымыздың қатусышыларын біз 2 топқа бөлеміз. Кіші топ (2 сыныптан бастап 6 сынып аралығындағы оқушылар). Аға топ (8 сыныптан бастап 11сынып аралығындағы оқушылар). Аға топты ортаға шақырып жеребий тартуларыңызды өтінеміз. Енді кіші топты ортаға шақырамыз.

Қазылар алқасы әрбір қатысушыны төрт өлшеммен бағалайды.

1. Мәтінді жатқа білу, 2. Сөйлеудің айқындығы мен анықтығы, 3. Сөйлеудің интонатолық мәнерлілігі 4. Мәнерлі құралдарды колдану (бет әлпеті, қимылдар), орындалатын жұмыстың мазмұнына сәйкес келетін атрибуттар.

Вед 1:

Енді біздің жарысымызға кірісу уақыты келді.
Біздің сайысымызды кіші топ қатысушылары бастайды.
Сіздерге сәттілік тілейміз.

(Кіші топ қатысушыларымен таныстырамыз)

Вед 2:

(сайыскерлерді кезек бойынша шақырамыз)

Вед 1:

Кіші топ қатысушыларына үлкен рахмет, осындай әдемі өлеңдеріңізді, сахна төрінде айтқандарыңыз үшін.

Вед 2:

Ал енді қазылар алқасы кіші топтың ұпайларын санап, қорытынды жасғанша. Біз сіздермен сұрақ жауап деген ойынды ойнаймыз. Кім бірінші боп қолды көтереді, сол жауап береді. Орыннан айқайламаймыз.

Вед 1: Ең ақылдыларды шағын сыйлықтармен марапаттаймыз.

Вед 2: Ендеше 1 сұрақ

Абайдың шын ата(Ибраһим)

- Абай Жолы кімнің әлемге әйгілі роман эпопеясы (Мұхтар Әуезовтың)
- 1879 ж. оның Қазақ хрестоматиясы және Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы атты оқулығы жарық көрді (Ы.Алтынсариннің)
- Қыз ұзату дәстүріне байланысты туған тұрмыс-салт жырларының бірі(сыңсу)
- Топ жарған мен Гүлкашима кімнің поэмалары (М.Сералин)
- «Гәкку», «Макпал». «Маңмаңгер» өлеңдерінің авторы(Үкілі Ыбырай Сандыбайұлы)
- Шәкәрім өз өлеңінде ұстазым деп көрсеткен адам (Л Н Толстой)
- Үкілі Ыбырайдың! туған жері(Ақмола облысы, Көкшетау уезіне қарасты №5 ауыл, Сандыбай бұлағы)
- Ғ.Мұстафиннің тұңғыш кітабы (Ер Шойын)
- «Мен-қазақпын» поэмасының авторы - Ж Молдағалиев

Вед 1:

Туған тілім - қазынам.алтын кенім,
Жаңа алыпқа өзінді алып келдім.
Қош келдің туған өлке,бесігіңе,
Қасиетті бабамның тілі менің.

Вед 2:

Ал енді аға топ қатысушыларын ортаға шақырамыз (сайыскерлер кезек тәртібінде сахнаға шығады)

Вед 1:

Қазылар алқасы топтың нәтижелерін қорытқанша, орталық кітапхананың қызметкері Аманжолова Даметкен Есенбековна кітаптарға шолу жасайды

Вед 2:

Бүгінгі сайыстың қорытынды сөзін әділқазы мүшелеріне береміз.
(әділқазы мүшесі сайыс барысын қорытындылайды)

Вед 1:

Назарларыңызға рахмет! Осымен бүгінгі кешіміз аяқталды. Қатысушыларға, көрермендерге алғыс айтамыз.



Байланыс телефоны:

Тел: 8 (714-41)3-25-03, 7-90-36

E-mail: bibkr@mail.ru

Сайт: bibkr.ucoz.ru

Жұмыс уақыты

Дүйсенбі - жұма

сағат 9.00 бастап 18.00 дейін. Демалыс күндері: сенбі, жексенбі

Мекен жайымыз: 110900, Қарабалық к.,

Космонавтар к., 33(2 қабат)



Контакты:

Тел: 8 (714-41)3-25-03, 7-90-36

E-mail: bibkr@mail.ru

Сайт: bibkr.ucoz.ru

Часы работы

Понедельник-пятница

с 9.00 до 18.00 часов

Суббота, воскресенье: выходной

Адрес: 110900, п. Карабалык,

ул. Космонавтов, 33

Сотавитель: Әдіскерлер У. Ж Галеева.